

**«Суындық» жалпы білім беретін мектеп жанынан құрылған қамқоршылық
кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

Көктөбе ауылы

29.08.2023

Қатысуға тиіс:-11

Қатысқаны:-11

Күн тәртібі

1.1.Тындалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Н.Мұсаев жиналысты
1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын бекіту
2. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы
3. ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру

ашты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогы А.Қуатбекова қамқорлық акциясына яғни демеушілер есебінен қаржылай және материалдық көмек көрсеткендігін айтып өтті. Мектебімізде 2023-2024 оқу жылы барысында жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы жүзеге асырылуда. Акцияның мақсаты – аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсету болып табылады. Сонымен қатар, «Мектепке жол» акция 2023-2024 жылдың қаңтар айына дейін жалғасын табатындығын айтып өтті.

Жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылардың мектепке баруына әлеуметтік қолдау көрсету үшін демеушілерге және ауыл әкімдігіне сұраныс хаттар жіберілді. Нәтижесінде ауыл әкімдігі сұраныс хатымызды қанағаттандырып, 8 Ә сыныбынан Күзенбай Жансезімге, 5 сыныптан Күзенбай Інжуге «Созақ Сушар мекемесі», Марданов Алиханға Созақ ауданының Қорғаныс бөлімі спорттық киім мен аяқ киімі, сырт киім мен мектеп форма, мектеп сөмкесі және қыстық киімдермен қамтамасыз етіп, оқушыларға қолдау көрсетті. Мектеп әкімшілігі ауыл әкімдігінің әлеуметтік бөлімінің мамандарымен алдағы уақытта да белсене жұмыс жасайтын болады.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында осы жолы аз қамтылған отбасынан шыққан екі оқушыға, жартылай жетім отбасынан шыққан бір оқушыға көмек көрсетілгенін атап өтті.

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 Бұйрығының «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерін талапқа сай құрылуын қамтамасыз ету үшін қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау жөнінде мектеп

директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Бекжанова осы мәселеге тоқталып өтті.

Қамқоршылық кеңес жұмысы мектеп, әкімшілік, ата-аналар арасындағы балалардың хал-ахуалы жайында тұрақты қадағалауды, сонымен қатар мектептің ішкі ережесіне сай мектеп кадрларымен, жұмысшыларының ауысуы және де ваканттағы бос орындарды тікелей қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелерімен кеңесе отырып шешімін табатындығы ескертілді. Төменде тізімде көрсетілген тұлғалар қамқоршылық кеңес мүшелері болып сайланды.

№	Аты-жөні	Қамқоршылық кеңестегі атқаратын қызметі
1	Қалмұратов Әзімхан	Төрағасы
2	Таңатов Ришат	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Кенжебаев Сеилбек	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4	Мауленов Акмал	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
5	Жакипов Зиябидин	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
6	Төрегелдиева Гүлжан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
7	Орығай Жаңыл	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
8	Тәжібаев Марат	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
9	Жұмағұлбаева Жанна	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

3.1. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуін ұйымдастыруына мектептің әлеуметтік педагогы А.Қуатбекова тоқталды. Жергілікті әкімшіліктің зерделеуі бойынша әлеуметтік мәртебеге ие отбасы жайында айтып, оның ретін атап өтті. Жалпы саны: 1-11 сыныптар 220 оның ішінде жартылай жетім-2, толық емес отбасы-9, атаулы көмек алатын отбасы-5. Осы аталған сандағы балалардың барлығы ыстық тамақпен жалпы саны 40 оқушы толық қамтылып келеді. Балалар екі ауысымда тамақтанады. Әрбір айға мониторинг жасалып, оған комиссия құрамы бақылау жасап отырады.

Сөйлегендер:

2) Осы мәселе жөнінде комиссия мүшесі Г.Төрегелдиева әлеуметтік санатта тұратын отбасылардың ахуалы жайлы айта келе, барлығыда ыстық тамақпен қамтамасыз етілуге лайықты екенін дәлелді көрсете білді. Ыстық тамақ мәзірі үнемі қадағаланып, талап ережелері қатаң бақыланып отырады.

1.2.Сөйледі:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы К.Азымхан сөз алып, мына төменде аталған оқушылар осы санатқа лайықты екендігін айта отырып көмек қолын созған демеушілерімізге алғысын айтты.


«Мектепке жол» акциясы Демеушілер есебінен

Қ /с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жынысы	Әлеуметтік мәртебесі	Мектеп формасы (костюм, шалбар, юбка)	Спорт киімі (спорт костюмі аяқ киім)	Аяқ киім (қысқы жазғы)	Көйлек
1	Эргеш Сумая	4 «А»	қыз	Аз қамт.ет.отбасы		46 -спорт киім, 36- аяқ киім	Жазғы - 36, қысқы- 37р	46р
2	Оспан Шахида	11	қыз	Аз қамт.ет.отбасы жетім	Костюм юбка – 46р	46-спорт киім 38- аяқ киім	Жазғы - 38,	35р

1.3.Қаулы етеді:

1. Мектебіміздегі аталған санаттағы отбасы балаларына көмек көрсету ісі одан әрі жалғастырылсын.
2. Атқарылған жұмыстарды қадағалап бақылау, басшылық жасау А.Қуатбековаға тапсырылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша осал топ отбасыларынан шыққан 40 бала ыстық тамақ қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрағасы:



А.Қалмұратов

Хатшы:



А.Қуатбекова